Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

# Мұнайлы Өлке

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті
№09 (39), қазан-қараша, 2012 жыл




## ҚАСИЕТТІ ҚҰРБАН АЙТ МЕЙРАМЫ ҚАРСАҢЫНДА «ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ «СПОРТ-ДЕМАЛЫС КЕШЕНІ» АШЫЛДЫ

# МҰНАЙШЫЛАР АУЫЛЫНА КЕЛГЕН ҚОС МЕРЕКЕ

**Ақтаудан солтүстік-шығысқа қарай 280 км жердегі Қаламқас кенорнында да айт шалынды. Айттың екінші күні қос мейрам Құрбан айт мерекесі мен жаңа спорттық-демалыс кешенінің ашылуы салтанаты атап өтілді. Оған қатысқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов, «ММГ» АҚ директорының бірінші орынбасары Сунь Синъюнь, Маңғыстау аудандық мәслихатының депутаты Сұлтан Қапашев және де Шайыр ауылының әкімі Нұржау Ғабиден мен облыс абыройын асқақтатып жүрген спортшылар қатысып, жылы лебіздерін білдірді.**

**«Құрметті қонақтар және қажымас қайратты мұнайшылар, ұлық мереке құтты болсын! Айт күнгі ізгі ниеттеріңіз бен шалған құрбандықтарыңызды Алла Тағала қабыл еткей. Сіздерді Құрбан айт және жаңа спорт кешенінің ашылу мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз».**



«ОйлТранспортКорпорейшн» мекемесінде көлік жүргізуші Қанат Қожыбеков өлеңнен шашу шашты. Осылай ән шырқалып, шашу шашып, шұбат құйылып, ас тартылып, спорттық нысанның тұсауы кесілді. Құрбан айт мерекесі жаңа ғимараттың ашылу мерекесімен ұштасып, той үстіне той болып, мұнайшылардың жүзінен керемет сезім байқалып тұрды.

Аталмыш кенорын өзі қарайтын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жалпы мұнайының 70%-ын береді.



1980 жылдың 2-ші қарашасында алғашқы миллион тонна мұнайын өндірсе, 25 жыл өткен соң 2005 жыл 6 маусымда 100 миллионыншы тонна «қара алтынын» өндірген. Осы кезге дейін 118 миллион тоннадан астам мұнай өндіріп, ел байлығын еселеп отыр. Ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ – өңір мұнайын өндіріп, халық игілігіне жаратып келе жатқан мекемелердің бірі. Жыл бойы құрыш білек мұнайшылар майы сорғалаған мұнаралар қасынан табылып, жер қойнауындағы қара алтынды өндіріп келеді. Ал мекеме өлкедегі көптеген әлеуметтік жобаларға қолдау білдіріп, халық ахуалын жақсартуға үлес қосуда. Оның бір дәлелі – 27-қазанда халық игілігіне ұсынған заманауи үлгідегі спорттық кешен. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Жетібай кентінде де мекеменің қолдауымен жасөспірімдерге арналған спорт мектебі бой көтерген еді.

Шара барысында қонақтар жаңа ғимаратты аралап, танысты. Онда спорт залы, арнайы құралдары бар жаттығу залы, тіпті әйел адамдарға арналған аэробика залы да жасалған. Кең спорт залындағы алғашқы ойынды «Мұнайшы» мен «Шебір» волейбол командалары көрсетті. «Мұнайшы» командасы атынан алаңға шыққан Аслан Лұқпановтың айтуынша, «спорт зал – өте керемет, ойынға деген ықыласты арттырады». Ол 2003 жылдан бері мұнай саласында жұмыс атқарса, 2004 жылдан бастап Маңғыстау мұнайшылары атынан жарыстарға шығып жүр, қараша айында өтетін Тараз қаласындағы біріншілікке дайындалып жатыр екен.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ 3000-ға жуық адам қызмет етсе, оның біреуі Қ.Қанатов. Оның осында жұмыс істеп жүргеніне 13 жыл болыпты. Ол жұмыстағы жолдастарына «мұнай қайнап, дастархандары жайнап, осы кешен-де жаттығуды да ойнап, жүре беруді» тілейді.

Ал Әкімшілік мәселелер және әлеуметтік даму департаменті директорының орынбасары Нұрлан Лазарұлының айтуынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ халықтың әлеуметтік мәселелерін шешуге осы жылы 187 млн. теңге, Маңғыстау және Қарағия аудандарына 137 млн. теңге бөлгенін айтады.

Жоба екі жыл бұрын Алик Серікұлының қолдауымен басталған еді. Одан бері бірқатар жұмыс атқарылды. Қызметшілер жұмыстан бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін қысқа уақытта осы кешен қолдануға берілді. Мұндай жобалар әлі де жалғаспақ, – дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов.

Өткен жылы өлке мұнайының 50-жылдығы қарсаңында осы кенорында заман талабына сай жаңа жатақхана қолданысқа берілген. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей, мекеме жол құрылысы, жөндеу мәселелері, бірқатар мектептердің әлеуметтік мәселелерін шешуде де қол ұшын беріп келеді.

**Бокстан XXX жазғы Лондон олимпиадасының күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов:**

Спорттың қай түрі болмасын жоғары жетістікке жету үшін, дайындық пен оның жолындағы қажеттіліктердің өтелуін талап етеді. Осы орайда Қаламқас ауылынан осындай спорт кешенінің бой көтеруі көзді қуантады, бұл – спортқа деген үлкен қадам. Енді осы ауылдан да елдің абыройын асқақтатар керемет чемпиондар шығуы ғажап емес. Ол, әрине, спортқа деген үлкен назардың арқасында болмақ және осындай назар бөліп жатқандарға көп-көп рахмет айтқым келеді.

**Кекушинкай-карате шебері, Қаламқас кенорнының қабат қысымын ұстау цехының операторы Бақытжан Суйесінов:**

Осыған дейін, Қаламқас кенорнындағы спортпен айналысатындар тарлау орында жаттығушы еді. Міне, көптен күткен күн келіп, кең, әрі жайлы жаттығу кешеніне қол жетті. Енді ынталылар көбейе түсетініне сенемін. Өзім 1996 жылдан бері спортпен айналысамын, осы спорт түріне қатарластарымды да тартқым келеді. Сондықтан бүгін жиналған жұртшылыққа өз сапымдағы Кекушинкай-каратенің шеберлерімен келіп, өнер көрсеттік. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ жарыстарға шығуыма үнемі қолдау көрсетеді, оларға алғысымды білдіремін.

**Зілтемірді бағындырудан Қазақстан мен Азия елдері чемпионы Светлана Исхакова:**

Спорт – адамның мүмкіндіктерін арттыратын дүние, осы жаттығу алаңына келетіндердің аталған дүниені жаратуына септігін тигізіп жатқан ұйымдастырушылар мен басшылыққа үлкен алғыс айтамын. Бүгін осы ауыл игілігіне табыс етілген ғимарат өте жақсы спорттық құрылғыларымен құралданыпты. Тіпті мен де зілтемірді көтеріп жаттығуға кіріскім келді. Осы қос мерекеге жаттықтырушым Асқар Шахановтың анасы да келген.

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Әсет Мағауов:**

Құрметті жерлестер, қадірлі мұнайшылар және «Спорттық сауықтыру кешенінің» салтанатты ашылу іс-шарасына жиналған қымбатты қонақтар! Ұлық мереке Құрбан айт мейрамы да келіп жетті. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап Құрбан айт мейрамы – біз үшін, шын мәнінде, жалпыұлттық сипатқа ие болып, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің нығаюына ықпалын тигізетін сүйікті мерекеге айналды. Алла Тағаланың разылығы үшін мал шалынып, дастархан жайылып, еңбектеген сәбиден еңкейген кәріге дейін қуанышқа бөленетін осы ұлық мейрам ел халқына ырыс пен береке әкелсін. Өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымының дамуы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен арадағы өзара тиімді әріптестік «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі. Қоғам өңір бойынша өзінің әлеуметтік-экономикалық саладағы жеткен жетістігін ерекше атай алады. Бұған мысал ретінде Қаламқас кенорнында ашылғалы отырған әлеуметтік маңызды нысан – қазіргі заман талабындағы спорттық-сауықтыру кешенін айтсақ болады. Жаңа спорт нысаны кенорындағы барлық мұнайшылардың спортпен шұғылданатын сүйікті мекеніне айналады деп үміттенемін!

---

ҚазМұнайГаз

БАРЛАУ ӨНДІРУ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

*«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ*
*бас директоры Әсет Мағауовқа,*
*бас директордың бірінші орынбасары*
*Сунь Синъюньға*

*Құрметті Әсет Маратұлы!*
*Құрметті Сунь Синъюнь!*

*Сіздерді және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның еңбек ұжымын Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Қасиетті мереке әр шаңыраққа құт-береке сыйласын. Осынау қасиетті мейрамда ізгі ниет еткен тілектеріңіз қабыл болып, жақсылық пен қуаныштың шуағына бөленіңіздер. Әрбір отбасына бақыт, ырыс-құт қонсын! Қазақстанның мерейі үстем болып, халқымыздың ауыз-бірлігі арта берсін!*

*Реті келгенде осынау ұлық мейраммен қатар келіп отырған тағы бір қуанышпен де Сіздерді және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымын шын жүректен құттықтаймын. Бұл «Қаламқас» кен орнында жаңа спорт кешенінің пайдалануға берілу — игілікті шарасы. Жаңа кешен мұнайшылардың салауатты өмір салтын ұстанып, еңбектен тыс уақыттарын тиімді пайдалануына қызмет етсін. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әрдайым осындай игілікті істерімен әлеуметтің ажарын арттырып, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы жұмыстарында жетістіктер биігінен табыла берсін деген ізгі тілегімді білдіремін.*

*Әрдайым жақсылық жандарыңызда, қуаныш төрлеріңізде болсын!*

*Ізгі ниетпен,*
*«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ*
*бас директоры* *А.Айдарбаев*









# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ТЕПЕ-ТЕҢ БАСҚАРУ

2009 жылдың 25 қарашасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы келісімге сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ акцияларын алу бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы және «CNPC Exploration and Development Company Ltd.» компанияларымен «ортақ кәсіпорын» арқылы - **«Mangistau Investments B.V.»** келісімі аяқталған болатын.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы және «CNPC E&D» компаниялары тең үлесте (50/50) «Mangistau Investments B.V.» компаниясының капиталына жанама қатысады.

«Mangistau Investments B.V.» компаниясына тең үлесте қатысуы - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы және «CNPC E&D» компанияларының толыққанды ынтымақтастығы мен өзара құрметінің дәлелі ретінде қарастырылады.

Бизнес жүргізу ережелерін анықтау және «Mangistau Investments B.V.» компаниясының тікелей және жанама акционерлері мен оның еншілес және бағыныншты ұйымдарының, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өзара қарым-қатынастарын басқаруды жүзеге асыру мақсатында 2009 жылдың 15 сәуірінде **«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тепе-тең басқаруды қарастыратын акционерлердің Келісімі** жасалды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметін тепе-тең басқарудың схемасы әрбір (қазақстандық және қытайлық) тараптан Қоғам органдарындағы лауазымға (Директорлар Кеңесі, Басқарма) және Қоғамның жоғары буындарының басшыларын, Қоғам органдарын сайлау Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қоғамның жарғылық ережелеріне сай жүзеге асырыла отырып тең үлесте кандидатураларды тағайындауды қарастырады.

Сонымен қатар, акционерлер Келісімінің ережелерімен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоғары буындарының басшыларын және бөлімшелердің басшыларын тағайындау құқығын 2009 жылдың 25 қарашасынан бастап, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы және «CNPC E&D» компанияларының бақылауындағы «Mangistau Investments B.V.» компаниясы акционерлерінің арасында 3 (үш) жылдық кезең ішінде кезектесе атқару қарастырылған.

*Анықтамалық ақпарат есебінде:*

• **«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ органдары болып** (30.10.2012г. жағдайында):

| | |
|---|---|
| **Жоғары орган** | Акционерлердің жалпы жиналысы (артықшылықты акциялардың иегерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дауыс беруге құқылы болған жағдайда) немесе Қоғамның барлық дауыс беруші (жай) акцияларына иелік етуші («Біржақты акционер») - **«Mangistau Investments B.V.» компаниясы** |
| **Басқару органы** | Директорлар Кеңесі, 6 (алты) адамнан құралған:<br>– Сунь Бо – Директорлар Кеңесінің төрағасы<br>– Бимагамбетов Т.М. – Директорлар Кеңесінің мүшесі<br>– Аншибаев А.М. - Директорлар Кеңесінің мүшесі<br>– Сюй Аньпин - Директорлар Кеңесінің мүшесі<br>– Тун Сяогуан – тәуелсіз директор<br>– Елеманов Б.Д. – тәуелсіз директор |
| **Атқарушы орган** | Басқарма, тең бастапқы қызметті жүзеге асыратын 2 (екі) адамнан тұрады:<br>– Магауов Асет Маратович – бас директор<br>– Сунь Синьюнь – бас директордың бірінші орынбасары |

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоғары органдарының басшылары болып табылады:

1) Бас директор

2) Бас директордың бірінші орынбасары

3) Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары

4) Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

5) Бас директордың құқықтық және кадрлар мәселелері жөніндегі орынбасары

6) Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары

7) Бас директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасары

8) Бас директордың геология және өңдеу жөніндегі орынбасары

Акционерлер Келісімінің ережелеріне сәйкес, алғашында 2009 жылдың 25 қарашасынан 2012 жылдың 24 қарашасына дейін.:

• «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы бақылауындағы «Mangistau Investments B.V.» компаниясының акционері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жоғары органдарының басшылығына келесі кандидатураларды ұсынады:

– бас директорды;

– бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасарын;

– бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасарын;

– бас директордың геология және өңдеу жөніндегі орынбасарын;

• ал «CNPC E&D» компаниясының бақылауындағы «Mangistau Investments B.V.» компаниясының акционері жоғары органдарының басшылығына келесі кандидатураларды ұсынады:

– бас директордың бірінші орынбасарын;

– бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарын;

– бас директордың құқықтық және кадрлар мәселелері жөніндегі орынбасарын;

– бас директордың өндірістік мәселелер жөніндегі орынбасарын.

**2012 жылдың 25 қарашасынан 2015 жылдың 24 қарашасы** кезеңінен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы бақылауында болған акционердің жоғарыда аталған басшыларды жоғары звеноларға тағайындау құқығы, «CNPC E&D» компаниясының бақылауындағы акционерге ауысады және керісінше.

Осылайша, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ **Бас директоры** лауазымына **2012 жылдың 25 қарашасынан** бастап, «CNPC E&D» компаниясын бақылаушы акционер ұсынған кандидат тағайындалады, ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ **бас директорының бірінші орынбасары** лауазымына «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясын бақылаушы акционер ұсынған кандидат тағайындалады.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұйымдастырушылық құрылымы жоғары компаниялардың стратегиялық мақсатына тәуелді болып келеді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тепе-тең басқару схемасы сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Ұлттық компаниясы және қытайлық «CNPC E&D» компаниясы атынан, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметін ортақ жоспарлау, ұйымдастыру және басқару аясында әріптестер арасында кешенді өзара тиімді қарым-қатынастарды қарастырады.

Аталмыш үш жыл аралығында қазақстандық тарап қытайлық әріптестермен үздік әріптестік қатынастар орнатқанын атап өткен жөн. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қазақстандықтар сияқты қытайлықтар да тең жағдайларда жұмыс жасап келеді, бірдей мөлшердегі жалақы алады, және Компанияның дамуы мен гүлденуіне ортақ үлестерін қосып келеді. Оның үстіне, акционерлер тарапынан келіп жатқан инвестициялар арқасында, бүгінгі таңда өндіріске жаңа технологияларды енгізу, қосымша жұмыс орындарын құру, техника мен құрал-жабдықтарды модернизациялау, көптеген әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері пайда болды.

Мұның барлығы қорытындылай келе Компанияға алдағы бірнеше жылдарда мұнай өндіру деңгейін тұрақты ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, соңғы жылдар ішінде қызметкерлерге жасалып отырған әлеуметтік жағдайлар біршама жақсарды. Жұмыс беруші,

Кәсіподақ және Қызметкерлер арасында жасалып, қол қойылған Ұжымдық шарт Қоғам қызметкерлеріне лайықты әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз етуде. Бірнеше бағыттарда әлеуметтік бағдрламалар жүзеге асырылуда және олар он мыңдаған адамдардың, өз қызметкерлерінің де, және жалпылай алғанда өңір тұрғындарының мүддесін қорғауда. Қаламқас және Жетібай кенорындарында жаңадан жатақханалар мен асханалар, өндірістік, әлеуметтік және спорт нысандары салынуда. Тек қана соңғы жыл ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кентінде жаңа Өнер мектебі мен жаңа спорт-сауықтыру кешендерін салып берді. Дәл осындай спорт кешені жақында Қаламқас кенорнында да ашылған болатын. Жуырда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік-инвестициялық жобаларын жүзеге асыру бағдарламасы бастау алмақ. Аталмыш бағдарлама аясында жаңа балалар алаңын салу, көшелерді асфальттау, Маңғыстау және Қарақия аудандарының елдімекендерінде құбыр тарту, аудан, ауыл мектептеріне компьютер жабдықтары мен автотехника сатып алып беру және т.б. іс-шаралар қарастырылған.

### Құрметті әріптестер!

Қараша айының соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылық құрамында өзгеріс болады. Бірақ, басшылықтың ауысуы, Акционерлік Қоғамның саясаты өзгереді дегенді білдірмейді. Біздің Компаниямыздың басты құндылығы болып – Адам ресурсы табылады. Қоғам Компанияның Даму Стратегиясын жүзеге асыруды жалғастыра бермек, көптеген әлеуметтік бағдарламалар жалғасын таппақ, ең алдымен қызметкерлерге қауіпсіз және жайлы еңбек және тұрмыс жағдайларын, демалысты ұйымдастыру, сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби тұрғыда өсуін, жеке дамуы мен зейнетке шыққаннан кейін де лайықты өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету бағытындағы бағдарламаларды да жүзеге асыру жалғаса бермек.

Соңғы жылдар ішінде біз мүлдем жаңа деңгейлерге қол жеткіздік. Бұл жетістіктерге біз өз қызметкерлеріміздің кәсібилігі, жауапкершілігі және еңбексүйгіштігі арқасында жетіп отырмыз. Біз Компанияның дамуы мен гүлденуі жолындағы атқарып жүрген жұмыстарыңызды жоғары бағалаймыз, және алдағы уақытта да бізді жаңа жетістіктер мен жеңістер күтіп тұрғанына нық сенеміз!

**Құрметпен,**
**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы**

# ПАРИТЕТНОЕ УПРАВЛЕНИЕ АО «МАНГИСТАУМУНАЙГАЗ»

25 ноября 2009 года, в соответствии с договорённостью между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики была завершена сделка по приобретению акций АО «Мангистаумунайгаз» совместно Национальной компанией АО «НК «КазМунайГаз» и компанией «CNPC Exploration and Development Company Ltd.» через **«совместное предприятие» - компанию «Mangistau Investments B.V.»**.

Национальная компания «КазМунайГаз» и китайская компания «CNPC E&D» в равных долях (50/50) косвенно участвуют в капитале компании «Mangistau Investments B.V.»

Равная доля участия в капитале компании «Mangistau Investments B.V.» рассматривается как доказательство равноправного сотрудничества и взаимного признания партнеров - Национальной компании «КазМунайГаз» и китайской компании «CNPC E&D».

В целях определения правил ведения бизнеса и осуществления управления взаимоотношениями прямых и косвенных акционеров компании «Mangistau Investments B.V.» и её дочерних и зависимых организаций, в том числе акционерного общества «Мангистаумунайгаз», 15 апреля 2009 г. было заключено **Соглашение акционеров**, предусматривающее **паритетную схему управления АО «Мангистаумунайгаз»**.

Паритетная схема управления деятельностью АО «Мангистаумунайгаз» предусматривает назначение кандидатур в равных долях от каждой (казахстанской и китайской) стороны на должности органов Общества (Совета директоров, Правления) и руководителей высшего звена Общества, с учётом, что процедура избрания органов Общества осуществляется с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан и уставных положений Общества.

Кроме этого, положениями Соглашения акционеров предусмотрено чередование права назначения руководителей высшего звена и руководителей подразделений АО «Мангистаумунайгаз» с периодичностью раз в 3 (три) года, начиная с 25 ноября 2009года, между акционерами компании «Mangistau Investments B.V.», контролируемыми АО «НК «КазМунайГаз» и «CNPC E&D».

*В качестве справочной информации:*

• Органами АО «Мангистаумунайгаз» (по состоянию на 30.10.2012г.):

| | |
|---|---|
| **Высший орган** | Общее собрание акционеров (в случаях, когда собственники привилегированных акций вправе голосовать в соответствии с законодательством Республики Казахстан) или Акционер, владеющий всеми голосующими (простыми) акциями Общества («Единоличный акционер») - **компания «Mangistau Investments B.V.»** |
| **Орган управления** | Совет директоров, состоит из 6 (шести) человек:<br>– Сунь Бо - председатель Совета директоров<br>– Бимагамбетов Т.М. - член Совета директоров<br>– Аншибаев А.М. - член Совета директоров<br>– Сюй Аньпин - член Совета директоров<br>– Тун Сяогуан - независимый директор<br>– Елеманов Б.Д. - независимый директор |
| **Исполнительный орган** | Правление, состоит из 2 (двух) человек, которые осуществляют деятельность на равных началах:<br>– Магауов Асет Маратович - генеральный директор<br>– Сунь Синьюнь - первый заместитель генерального директора |

• Руководителями высшего звена АО «Мангистаумунайгаз» являются:

1) Генеральный директор

2) Первый заместитель генерального директора

3) Заместитель генерального директора по коммерческим вопросам

4) Заместитель генерального директора по экономике и финансам

5) Заместитель генерального директора по юридическим и кадровым вопросам

6) Заместитель генерального директора по социальным и административным вопросам

7) Заместитель генерального директора по производственным вопросам

8) Заместитель генерального директора по геологии и разработке

С учётом положений Соглашения акционеров первоначально на период с 25 ноября 2009 г. по 24 ноября 2012г.:

• акционер компании «Mangistau Investments B.V.», контролируемый **АО «НК «КазМунайГаз»**, выдвигает кандидатуры следующих руководителей высшего звена АО «Мангистаумунайгаз»:

– генерального директора;

– заместителя генерального директора по коммерческим вопросам;

– заместителя генерального директора по социальным и административным вопросам,

– заместителя генерального директора по геологии и разработке,

• а акционер компании «Mangistau Investments B.V.», контролируемый **«CNPC E&D»**, выдвигает кандидатуры нижеследующих руководителей высшего звена:

– первого заместителя генерального директора;

– заместителя генерального директора по экономике и финансам;

– заместителя генерального директора по юридическим и кадровым вопросам;

– заместителя генерального директора по производственным вопросам.

На период **с 25 ноября 2012г. по 24 ноября 2015 г.** право назначения вышеуказанных руководителей высшего звена, которое было у акционера, контролируемого АО «НК «КазМунайГаз», переходит к акционеру, контролируемому «CNPC E&D» и наоборот.

Таким образом, на должность **Генерального директора** АО «Мангистаумунайгаз» **с 25 ноября 2012 г.** назначается кандидат, выдвигаемый акционером, контролируемым **«CNPC E&D»**, а на должность **первого заместителя генерального директора** АО «Мангистаумунайгаз» назначается кандидат, выдвигаемый акционером, контролируемым **АО «НК «КазМунайГаз»**.

Организационная структура АО «Мангистаумунайгаз» зависит от стратегических целей материнских компаний.

Паритетная схема управления деятельностью АО «Мангистаумунайгаз» предусматривает также комплексное взаимодействие между партнёрами, в лице Национальной компании «КазМунайГаз» и китайской компании «CNPC E&D», в рамках совместного планирования, организации и управления деятельностью АО «Мангистаумунайгаз».

Стоит отметить, что за эти три года у казахстанской стороны сложились отличные партнерские отношения с китайскими коллегами. Как казахстанцы, так и китайцы работают в АО «Мангистаумунайгаз» на паритетных условиях, получают одинаковую заработную плату, и вносят совместную лепту в дело развития и процветания Компании. Более того, благодаря инвестициям со стороны акционеров, сейчас появились возможности для внедрения новых технологий в производство, создания дополнительных рабочих мест, модернизации техники и оборудования, реализации многочисленных социальных программ. Все это в конечном итоге, позволяет Компании на протяжении нескольких лет стабильно повышать уровень добычи нефти. Также стоит отметить, что за последние годы значительно улучшились социальные условия, создаваемые для работников. Новый Коллективный договор, подписанный между Работодателем, Профсоюзом и Работниками обеспечивает достойные социальные условия для сотрудников Общества. Социальные программы реализуются по многим направлениям и затрагивают интересы многих десятков тысяч людей, как своих работников, так и населения региона в целом. На месторождениях Каламкас и Жетыбай строятся новые общежития и столовые, производственные, социальные и спортивные объекты. Только за последний год АО «Мангистаумунайгаз» построил в поселке Жетыбай новую Школу искусств и новый физкультурно-оздоровительный комплекс. Аналогичный спортивный комплекс был открыт буквально на днях на месторождении Каламкас. В ближайшее время стартует программа АО «Мангистаумунайгаз» по реализации социальных-инвестиционных проектов. В рамках данной программы планируется строительство новых детских площадок, асфальтирование улиц, прокладка трубопроводов в населенных пунктах Мангистауского и Каракиянского районов, закуп компьютерного оборудования и автотехники для сельских районных школ и многое другое.

### Уважаемые коллеги!

В конце ноября произойдет ротация руководящего состава АО «Мангистаумунайгаз». Однако, смена руководства, не означает, что изменится политика Акционерного Общества. Высшей ценностью нашей Компании – является Человек. Общество продолжит реализацию Стратегии развития Компании, будут продолжены многочисленные социальные программы, в первую очередь направленные на создание безопасных и комфортных условий труда, быта и отдыха работников, охрану здоровья, также продолжится реализация програм, направленных на создание условий, для профессионального роста сотрудников, их личного развития и обеспечения достойного уровня жизни, после выхода на пенсию.

За последние годы нам удалось выйти на совершенно новый качественный уровень. Этих результатов удалось достичь благодаря профессионализму, ответственности и трудолюбию наших работников. Мы высоко ценим Ваш вклад в дело развития и процветания Компании, и верим, что впереди нас ждут новые достижения и победы!

**С уважением,**
**Правление АО «Мангистаумунайгаз»**

# ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

**"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-да өндірістегі еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасау басты басымдықтардың бірі болып табылады және алдағы уақытта да осылай болып қала бермек. Компанияның ең басты құндылығы адам. "Адам - кез-келген ұжымның негізі және де нақ осы адам кәсіпорын табысын қамтамасыз етеді". "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ еңбекті қорғау саласындағы саясатының аса маңызды бағыты – әр қызметкердің өмірі мен денсаулығын сақтаудың басымдығын қамтамасыз ету болып табылады. Компания басшылығы персоналдың қауіпсіздігіне көп көңіл бөлінеді.**




**2012 жылдың 9 айында өндірісте 4 жазатайым оқиға болды, оның ішінде 2 оқиғаның жарақат алу дәрежесі ауыр.**

**1.** 2012 жылы сәуірдің 03 жұлдызында Күрделі құрылыс департаментінің Қаламқас кенорындағы ғимараттар мен құрылымдарды ағымды жөндеуден өткізу бойынша қызмет көрсету цехының 3 дәрежелі жұмысшысы С.Ш.Жетековпен болған. С.Ш.Жетеков шебер Р. Мұңалбаевтың тапсырмасымен бояу еріткішін (растворитель краски) құйып жатқан кезде ыдысы қолынан тайып жерге түсіп, ыдыстағы бояу еріткіш оның сол жақ көзіне шашырап кетеді. Дәрігерлер С. Жетековке еңбекке жарамсыздық парағын ашып сол жақ көзіне химиялық күйік алған,- деген диагноз қояды.

Жазатайым оқиғаның себептері:

**1. Өндірістегі жұмысты ұйымдастыру қанағаттанарлықсыз болуы:**

- жеке қорғану құралдарын (көзілдірік, қолғап) пайдалану керектігін ескертпей және тапсырма берген кезде жасайтын жұмыстармен таныстырмай, тапсырма беру журналына тіркемей еңбек қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына жол беріп өз міндетіне жауапсыздықпен қарауы;

**2. Жеке қорғану құралдарын пайдаланбауы:**

- жұмыс кезінде еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтамай өзіне берілген жеке қорғану құралдарын (көзілдірік, қолғап) пайдаланбауы;

- жұмыс кезінде еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтамай бояу ерітіндісін бір ыдыстан екінші ыдысқа құю кезінде құйғыштың (воронка) немесе құбыршектің (шланга) көмегін пайдаланбауы.

С.Ш.Жетеков айығып жұмысына кірісіп кетті.

**II.** 2012 жылы маусымның 02-ші жұлдызында "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ-ның электргазбен дәнекерлеушісі С.Х. Сұлтанғазиев №1 МГӨЦ-ның №61 топтық қондырғыда Ø219мм трубаны дәнекерлеп болып, шлакты ұрып түсіру кезінде қорғану көзілдірігін кимеу салдарынан оң көзіне ыстық шлак тиіп "Оң көзінен термиялық күйік" - деген диагнозбен жарақат алған.

Жазатайым оқиғаның негізгі себептері:

**1. Зардап шегушінің өрескел абайсыздығы:**

- берілген жеке қорғану құралы - жабық қорғану көзілдірікті қолданбауы;

**2. Жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы:**

- "Жалпы өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының" жоғары қауіптілік жағдайында жұмыс істеу талаптарының бұзылуына жол берілген.

С.Х. Сұлтанғазиев жазылып жұмысында жүр.

**III.** 2012 жылы 03 шілдеде «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның №3 Мұнай-газ өндіру цехының 4 дәрежелі электргазбен дәнекерлеуші Е.И. Иманбаев №310 ұңғы сағасында дәнекерлеу жұмысын жүргізіп жатқанда, тұрба бойындағы қалдық мұнай-газ аралас сұйық бетіне шашырап кетіп, екі көзінен жарақат алған. Алған жарақаты ауыр.

**Жазатайым оқиғаның себептері:**

**1. Жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы:**

1.1. С. Оразбаев - №3 Мұнай мен газ өндіру цех бастығы тарапынан жіберілген кемшілік:

- №310 ұңғыда қауіпті жұмыс жүргізу алдындағы іс-шараларды ұйымдастырудағы және жөндеу жұмыстарды дер кезінде сапалы орындалуына бақылаудың нашарлығы, еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалмауы.

**2. Технологиялық процестердің бұзылуы:**

2.1. Ә. Епенов - №3 МГӨЦ мұнай, газ және конденсат өндіру мастері тарапынан жіберілген кемшілік:

- ұңғы сағасында қауіпті жұмысты бастамас бұрын ұңғыны сумен бастыру (глушение скважины водой) жұмысын орындамаған;

- жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі дайындық іс-шараларды орындамаған, істегі коммуникацияға кептеме (заглушка) қоймаған және жеке қорғану құралдарын қолдануын қадағаламаған.

**3. Зардап шегушінің өрескел абайсыздығы:**

3.1. Е. Иманбаев - №3 МГӨЦ 4 дәрежелі электргазбен дәнекерлеуші тарапынан жіберілген кемшілік:

- жұмыс кезінде еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтамаған және өзіне берілген жеке қорғану құралдарын (көзілдірік) қолданбауы.

Е. Иманбаев – емделуде.



**IV.** 2012 жылы 31 тамызда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ның Мұнайды тазалау, жинау тасымалдау бөлімшесінің технологиялық қондырғысының 3 дәрежелі операторы Қ.А. Утениязов ваннаға (бункер V- 25м$^3$) Краз мем. нөмері R 424 BM автоцистернасынан мұнай-су аралас сұйықты қабылдап алайын деп жүргенде, автоцистерна кейін қозғалып кетіп, ол бункер үстіндегі решеткамен бірге ыстық су бар ваннаға түсіп кеткен. "Ыстық судан аяқтары күйген" – жарақаты ауыр.

**Жазатайым оқиғаның себептері:**

1. **Мұнай-газ саласының өндірістік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы, яғни бункер айналасындағы алаң мен қоршаулардың қанағаттандырлықсыздығы және жұмыс орында қауіпсіздік жағдай қамтамасыз етілмеген.**

**2. Көлік құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарының бұзылуы және жол қозғалыс қауіпсіздік ережесінің сақталмауы,** Краз мем. нөмері R 424 BM автоцистерна ақауы бола тұра, линияға шыққан.

Қ.А. Утениязов – ауруханада емделуде.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-да болған жазатайым оқиғаларға талдау жасалынды. Жазатайым оқиғалардың барлығы дерлік іс жүзінде ұйымдастырушылық себептерге, көпшілігі зардап шеккендердің жеке басының абайсыздығына байланысты болған. Өндірістік жарақаттанудың негізгі себептері мыналар:

- қауіпсіз еңбек жағдайларының қалыптастыруын ұйымдастыру жұмысы қанағаттанғысыз деңгейде болуы;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау нұсқаулықтарының талаптарын сақтамауы;
- зардап шегушінің өрескел абайсыздығы;
- еңбек етудің қауіпсіз тәсілдерін қолданбауы;
- жеке сақтандыру құралдарын пайдаланбауы;
- персоналдың қауіпсіз жұмыс әдістеріне оқытуын сапасыз өткізу;
- арнаулы техника мен автокөлікке қауіпсіздік нормаларына қойылатын талаптардың жете тексерілмеуі;
- еңбек ету мен өндіріс тәртібінің бұзылуы болып табылады.

Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін мынадай іс-шаралар жүргізілді:

1. Болған жазатайым оқиғаның себептері "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ барлық жұмысшыларына жеткізіліп, талқыланды.

2. Жұмысшыларға жұмыс орнында кезектен тыс нұсқау берілді және білім дәрежесін білу жөнінде тексеріс жүргізілді.

3. Маңғыстау облыстық Еңбек департаменті мен Төтенше жағдайлар департаменті инспекторларының қатысуымен өндірістік басқарма жетекшілері мен мамандарынан қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы біліктілігін арттыру жөнінде шаралар талқыланып, емтихан өткізілді.

Осы жазатайым оқиғалар, жұмыс кезіндегі еңбек қауіпсіздік талаптарына салғырт қарау, нысан басшыларының жауапкершілігінің төмендігін байқатады.

Бұл барлық деңгейлердегі басшылар мен қызметкерлердің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау үшін қатаң тәртіптік, моральдық және материалдық жауапкершілік шараларын жүзеге асыру, сондай-ақ еңбекті қорғауды басқару жүйесіндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу деңгейін арттыруды қызу қарқынмен жүргізу қажеттігін білдіреді.

**Сондықтан әр қызметкер өз жұмыс орнында төмендегі өндірістік қауіпсіздік қағидаларын жұмыс атқару кезінде есте ұстауы тиіс:**

- **ЕШКІМ ЗАРДАП ШЕКПЕУ КЕРЕК!**
- **ЖҰМЫСҚА КІРІСЕР АЛДЫНДА ОЙЛАН!**
- **ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ОРЫНДА, НЕ ОНЫ МҮЛДЕМ ОРЫНДАМА!**
- **ЖҰМЫСТЫ ҚАУІПСІЗ ОРЫНДАУҒА ӘРДАЙЫМ УАҚЫТ ТАБЫЛАДЫ!**
- **КҮМӘНІҢ БОЛСА, АНЫҚТА! (СҰРА)**

**С.С. Мишелов,**
**ТҚ, ЕҚ ж/е ҚОҚ Департамент директоры**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**12 жасқа дейінгі бала тәрбиелеп отырған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің назарына. Жаңа жылдық сыйлықтарды алу үшін Сізден жеке куәліктің көшірмесін, сонымен қатар сәйкес Өндірістік Басқармалардың және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Департаменттеріндегі жауапты тұлғаларға баланың туу туралы куәлігінің көшірмесін тапсыру сұралады.**

**Сондай ақ, егер Компанияда баланың ата-анасы қатар жұмыс жасайтын болса, жаңа жылдық сыйлық әкесінің жұмыс орны бойынша тапсырылатын болады.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Вниманию работников АО «Мангистаумунайгаз», воспитывающих детей в возрасте до 12 лет. Для получения новогодних подарков просим Вас предоставить копию удостоверения личности, а также копию свидетельства о рождении ребенка ответственным лицам в соответствующие отделы Производственных управлений и Департаментов АО «Мангистаумунайгаз».**

**При этом, если в Компании работают оба родителя ребенка, выдача новогоднего подарка производится по месту работы отца.**

# ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ:
## өркендеу мақсатындағы әріптестік



**Тегісбаев Шоқан Шүкірбайұлы – «Жетыбаймұнайгаз» өндірістік басқармасы өндірістік техникалық бөлімнің жетекші инженері**

Қытай Халық Республикасының ірі жетекші мұнай компанияларының бірі CNPC мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ арасындағы тығыз байланысы арқасында маған, аппауыт Қытай елін өз көзіммен көріп қайту мүмкіндігі тиді. Ол жаққа «Маңғыстаумұнайгаз», «Атыраумұнайгаз», «Степной Леопард» компанияларының атынан 18 қызметкерден тұратын топ аттандық.

Ақтау қаласының әуежайынан Алматы қаласына ұштық, көп кідірместен Пекин қаласына ұшып кеттік, қалаға таң алдында қондық. Бізді «ММГ» деген жазуы бар тақтайшамен Пекиндік



әріптестеріміз әуежайдан карсы алды. Сол жерден қонақ үйге апарып орналастырды. 10 күндік сапарымыздың алғашқы үш күнін Пекиндегі қонақ үйдің конференция залында өткіздік. Тақырыбымыз ұңғыға перфорация жасау, жер қабатын қысыммен жару және коррозияга қарсы әдістерімен тәжірибе алмасып таныстық.



Пекин қаласында Тянь-Ань-Мэнь алаңын, Жабық қала, Император сарайы, Жаздық император сарайын көрдік. Мысалы, Тянь-Ань-Мэнь алаңына қытайлықтар гимнастика жасау үшін көп жиналады екен. Бұл алаңға олимпиадаға баратын қытайлық толағайларды алып келеді, себебі жарысқа кім үшін баратынын, кім үшін жеңу керектігін біліп артында қалған осынша жанкүйердің қолдауымен рухтансын деген ой болса керек.

Қытайда туризм жақсы дамығаны көрініп тұр, қытайлықтар туристерге өздерінің бар жақсы жағын көрсетіп таныстырса, олар қайта келуге құлшынып тұрады деп ойлайды. Шетелден келетін қонақтардан басқа қытайдың өз ішінде туризм жақсы дамыған. Зейнеткерлер топ-тобымен елдің жан-жағынан келіп қыдыруда, Кытайда оларды «Күннің батуы» деп атайды екен.

Содан жүрдек пойызбен Паньцзинь деген мұнайшылар қаласына бардық, бұл жердегі тәжірибе алмасып оқыған тақырыбымыз - Туха мұнай университетінің өкілдерімен ұңғының бұзылған колонналарын жөндеу және суланып кеткен мұнай қабатын қалпына келтіру әдісі болды. Ляохэ кенорнына барып, мұнайды кешенді дайындау, айдау цехының жұмысымен таныстырды. Цехта тәртіппен тазалыққа аса мән беретіні көрініп тұр. Жұмыстың бәрі автоматтандырылған, Паньцзинь қаласында оқу жаттығуымызды жалғастырдық, Ляохэй кенорны жанындағы өндіру және бұрғылау институтының ғылыми қызметкерлері дайындаған материалдар ұсынылып, олармен таныстық, мұнай кәсіпшілігі ұңғыларын көрдік, жан-жағына күріш егіп тастаған екен, бұл сірә судың молшылығын аңғартса керек. Аталған қаланың ерекшелігі құрылыс жұмыстары көп, бос жердің бәрінде қызу құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Оқу-үйрену нәтижесінде біздерге «Үздік біліктілікті көтеру курсынан өту туралы» диплом табыс етілді.

Содан автобуспен Пекиннің солтүстігінде орналасқан әдемі де курортты Далянь қаласына бардық. Бізді бұл қалада жол көрсетуші ретінде қытайлық Андрей мен Наташа карсы алды. Бұлар осы Далянь каласында болған күндерімізде бізге қаланың мәдениетімен көркем жерлерін көрсетті. Далянь қаласы кезінде жапондар, кейін Кеңес әскерінің он жылдай әскери базасы болып, Қытайға тегін қайтып берілген қала екен. Бұл қаланы да аралап жүріп алған әсеріміз ерекше. Содан сапарымыздың оныншы күні Пекин қаласына самолетпен ұшып келдік, әлемнің жеті кереметінің бірі Ұлы Қытай қорғанына барып сапарымызды аяқтадық.

Жалпы Қытайда болған аз уақытта көп нәрсе үйрендік десем артық емес. Кытайда болам, әлемнің жеті кереметінің бірі Ұлы Қытай қорғанын көрем деген ой менде болмапты. Сөз соңында бізді қарсы алып, қонақ еткен қытайлық әріптестерге және сол елге оқу-тәжірибе алмасу курсына жіберген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басқармасына зор алғыс білдіремін, тәжірибе алмасу сапарлары болашақта да өзінің лайықты жалғасын таба береді деп үміттенемін.



**Төлесін Темірхан Төлесінұлы – Өндірістік Департаменттің өндірістік-техникалық бөлімінің менеджері».**

Мен Қытай Халық Республикасына «7-ші «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына арналған кенорындарды игерудің жоғарғы курстарына» «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Атыраумұнайгаз» АҚ және «Степной Леопард» ЖШС қызметкерлерінен құралған топпен бардым.Біздер Алматы қаласы арқылы ҚХР астанасы Бейжің әуежайына түнгі сағат 12 шамасында ұшып бардық. Біздерді Қытай Ұлттық Мұнай Корпорациясы өкілдері күтіп алып, қонақ үйге орналастырды. Келесі күні сол қонақүй конференс-залында «TongOilTools» компанисының коррозия және оған қарсы қолданылатын технологиялар жөнінде дайындалған біліктілікті көтеру курсы өткізілді. Сонан соң сапарымыз мұнайшылар қаласы Паньцзиньде жалғасын тапты. Бұл үлкен мұнай кенорындарының бірі Ляохэ кенорынының орталығы екен.



Қаланың шетінде орналасқан мұнай айыру және айдау цехымен танысып, пікір алмастық. Күріш егілген алаңқайлар мен соған ұштас алқаптарда жұмыс жасап тұрған тербелмелі станоктарды көрдік. Осы жерде біздер оқуымызды әрі қарай жалғастырып, ұңғылардың пайдалану тізбегіндегі бұзылыстарды анықтап, оларды жою, жерасты қабатын жоғары қысыммен жару жөнінде мағлұматтар алдық. Курс соңында біздерге кенорындарын игерудің жоғарғы курстарын үздік аяқтағандығымыз туралы диплом берілді.

Келесі күні біздерге демалыс беріліп үлкен портты қала Далянь қаласына аялдадық. Далянь – Сары теңіз жағалауында орналасқан көз тартарлық парктері мен жағажайлары көп, курортты қала екен. Сапарымыздың соңында Ұлы Қытай қорғанының биік мұнарасына көтерілдік.

Сөз соңында, осындай курстардың пайдалы, әр жерлердегі қолданыстағы заманауи технологиялардың алдыңғы қатардағы сапалыларын өз жерлерімізде де пайдалануға болатындығын, сонымен қатар біліктілікті көтеру қызметкерлердің жұмыстарының сапасын одан сайын арттырып, өз мекемесіне, қала берді өз мемлекетіне қосатын үлесін еселей түсуіне мүмкіндік беретіндігін айтқым келеді.










Қаламқас кенорны

# ЖҰМЫС ӨТІЛІ – 20 ЖЫЛ...



**«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы қабат қысымын ұстау цехы бастығының орынбасары Имашев Серіктің Қаламқас кенорнында жұмыс жасағанына биылғы қарашада жиырма жыл болады екен.**

– Ең алғаш Қаламқас кенорнына мен 1990 жылдың жазында Ақтаудағы СПТУ-1-ді бітіріп келген болатынмын. 2-3 жыл жұмыс жасағасын, әскер қатарына алып кетті, – деп Серік өмір жолының ең алғашқы күндерін еске түсірді. – Бірақ, еңбек кітапшасында Қаламқастағы еңбек жолым 1992 жылдың қарашасынан деп көрсетілген. Құжат бойынша кенорында істегеніме жиырма жылдың жүзі болып отыр...

Имашев Серік 1971 жылдың 1 ақпанында Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Жарма стансасында дүниеге келген. Жетпістің екеуіне келген әкесі Тоқтарбай қазір Аллаға шүкір аман-есен, Дәулет селосында тұрып жатыр. 1978 жылы Тоқтарбай ақсақал, ол кезде жасы қырыққа тола қоймаған, Байғаниннен атажұртым деп Ақтаудан қашық емес Водник кентіне қоныс аударады. Серіктің жасы жетіде, осында келгенде мектеп табалдырығын аттайды. Шешесінің денсаулығы болмай, әкелері балаларды Жыңғылдыдағы мектеп-интернатқа береді. 2-кластан бастап Серік осы интернатқа келіп оқиды. 1987 жылы сегізінші класты бітіріп, ол қаладағы СПТУ-1-ге түседі. 3 жыл оқып, училищені мұнай-газ операторы мамандығы бойынша 1990 жылы бітіріп шығады. Балаң жігіт Қаламқас кенорнын игеруші сол кездегі «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына жұмысқа орналасады. 2-3 ай істеп, әскер қатарына алынады. Әскери борышын Белоруссияның Минск облысы Клецк қалашығында орналасқан әуе шабуылына қарсы қорғану бөлімінде (противовоздушная оборона) өтейді.

Ауылға оралған Серік бірден өзінің алғаш еңбек жолын бастаған мекемесінің қабат қысымын ұстау кәсіпшілігіне 2-дәрежедегі оператор болып кіреді. Училищеден кейін, әскердің алдында кәсіпшілік бастығы Малдыбаев Еркін болды, әскерден келгенінде – Назаралиев Кенжеғали деген ағалары бастық екен.

– Сол кәсіпшілікте әлі келе жатырмын, – дейді Серік. Бір орында тапжылмастан жиырма жыл бойы жұмыс жасау дегеніңіз де еңбек ерлігі деуге тұратын нәрсе. Өйткені сол жердің бүткіл егжей-тегжейін білесің, ал еңбек тәжірибесі дегеніңіз – өте құнды зат!

Арада 3-4 жыл өтеді. Жас жігіт бір басын екеу қылуды ойлайды. Адамның жұп болып өмір сүруі – Алланың бұйрығы, өмірдің заңы. 1994 жылы Серік Ералының Айгүл деген қызына үйленеді. Аллаға шүкір, Айгүл Серікке жақсы жар бола білді, ол – бес баланың анасы. Қазір тұңғыштары Бегендік мектептің соңғы 11 сыныбында оқып жатыр. Бегендіктің соңынан Арайлым, Аружан және Сезім деген қарындастары мен Бекзат деген інісі ерді.

– Жас отбасымыз, 90-жылдардың қиындығын да көрдік. Балалар да жас, айлықты уақтылы бермейді. Көбіне-көп тамақпен береді, талай база ОРС-қа барып, айлық орнына тамақ алып жүрдік қой. 97-98-дер қиындау болды, бірақ шыдадық, шыдамағанда қайда барасың? – деп Серік осыдан 15 жыл бұрынғы жағдайларды еске түсіріп.

Кеңес үкіметі кезінде Қаламқас кенорнында басқа республикалардан мамандар көптеп жұмыс жасады. Сорап (насосный) кәсіпшілігінің инженерлері көбінесе өзге ұлт өкілдері болатын.

– Сол жұмыстарды – сораптарды сөгіп-жинап, қазір өздеріміз жасап жүрміз ғой бәрін де. Қиын ештеңесі де жоқ. Өз мамандарымыз жетілді, кенорнының бірқалыпты, үздіксіз жұмыс жасауы солардың арқасында емес пе? –деп Серік ой бөлісті. Есіне осыдан жиырма жыл бұрынғы бір оқиға түсіп, оны да айтты. Қаламқасқа Дағыстаннан келіп жасайтын тау халықтары болыпты. 15 күннен, 1 айдан жасайды. Бір қыс қатты болып, елдеріне самолетпен ұшып барса, таудың жолын жауып тастаған: ауылдары 1-2 км жоғарыда орналасады екен, жолдары қиын, ұшпа тауларды орап салған. Төменде күтіп-күтіп, ақыры үйлеріне жете алмай, қайта Қаламқасқа ұшқан кездері де болыпты.

Серік өндіріс жағдайының кеңес дәуірімен салыстырғанда анағұрлым алда екенін баса айтты:

– Жұмыс орындарын, әлеуметтік жағдайды бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда айырмашылық жер мен көктей. Әсіресе, соңғы 1-2 жылда жұмысшыларға көп жағдайлар жасалды. Жұмысқа келгенде, кеткенде жуынып-шайынатын, киініп-шешінетін орын жасақталған, ыңғайлы модульдар қойылды, – дейді Серік. – Ұжымдық келісім-шартта көрсетілген көптеген жеңілдіктерді пайдаланып келеміз. Балаларымның барлығы дерлік жазғы демалыстарында – біреуі Көкшетауда, бірі – Қырымда, бірі – Ақтөбеде демалып келді.

Отбасы – ер азаматтың мойнындағы борышы, қасиетті парызы. Әке-шешеге қарасу, бала-шағаны асырау – ерлердің тікелей міндеті. Осы парызын адал орындау – ер азаматқа сын.

– Аллаға шүкір, отбасымызды асырап, балаларды аяқтандырсақ, біздерге сол орындалған борыш болар еді, – дейді Серік замандасымыз.

**Қызметінде одан әрі де абыройлы болып, бала-шағанның қызығын көре бер, замандас!**

# МҰНАЙ ТАЗАЛЫҒЫНЫҢ САҚШЫСЫ



**Тауарлық мұнайдың сапасы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының алдын-ала су айыру қондырғылары кәсіпшілігінің тұздан және судан айыру қондырғысының операторы Қуаныш Дариевтің жұмысына бірден-бір байланысты. Бір сөзбен айтқанда ол – мұнай тазалығының сақшысы.**

«Елу жылда ел жаңа» деп халық бекер айтпаған. Осыдан жиырма жылдың арысында Қуаныш ата-бабасының жері – Маңғыстауға келіп, тұрақтанам деп ойламаған да болар. Өйткені оның туған жері Түркменстанның Маңғыстау облысына жақын жатқан, Каспий теңізінің жағасында орналасқан Бекдаш кентінің, оның айналасындағы ауылдардың негізгі тұрғындары қазақтар болатын. Және де кеңес үкіметі болғасын, «шет жерде жүрміз-ау» деген ой ешкімнің басына кіріп-шықпайтын. Бекдашының айналасында Алтыншы көл, Омар-ата деген ауылдарда қарапайым қазақтар азын-аулақ малдарын ұстап, ер-азаматтар қаладағы өндіріс орындарына қатынап еңбек ететін. Бекдашыда сульфат өндірісі, бишофит өндіретін завод болды.

1967 жылдың 1 қарашасында дүниеге келген Қуаныш түбі маңғыстаулық, руы күйік көрпе Мұхамбет Дариевтің тұңғышы болатын.

– Әкеміз 1942 жылы дүниеге келген. 1960-жылдары Бекдашыға Маңғыстаудан адамдар келіп, Таушықтағы кәсіптік-техникалық училищеге балаларды оқуға шақырған екен. Әкем соларға еріп, Таушықтағы училищені шофер мамандығы бойынша бітіріп, ауылға оралады. Өкінішке орай, өмірі қысқа болды – 1980 жылдың қарашасында 38 жасқа толар-толмас шағында бақилық болды, – деп Қуаныш өз өмірінен сыр шертті.

Қуаныштың өмірі өзінің замандас құрбы-құрдастарының өміріндей өтіп жатты. Мектеп, сосын әскер, одан кейін еңбек жолы. 1986-88 жылдары ол Украинадағы Борисполь қаласында әскери-әуе күштерінде әскери борышын өтеді. Әскерден келген Қуаныш Алтыншы көлде орналасқан су айдау кәсіпшілігіне жұмысқа тұрады. Сөйтіп жүргенінде кеңес үкіметі құлап, он бес республика он бес ел болып шыға келеді. Қас-қағым сәтте жылдар бойы қалыптасқан үлкен жүйе жоқ болады. Әр республика өз күнін өзі көре бастайды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығына біріккен елдердегі саясат әр түрлі бағытты ұстанды. Осылардың ішінде Қазақстанның шоқтығы биік, саясаты бөлек еді.

– Әрине, туған жер, кіндік қанымыз тамған жеріміз Түркменстан болса да, біз Қазақстанға, ата-баба топырағына көшуді ұйғардық, өйткені оның болашағының елес емес екенін, өркендеу бағыты көп елдерге қарағанда озық екенін, Қазақстанның басында өте мықты көшбасшы отырғанына көзіміз жетті, – дейді Қуаныш.

Сөйтіп 1995 жылы Қуаныш Маңғыстауға келіп, тәуір қоныс іздейді. Қарап, салыстырып, не де болса Ақтауға қоныстануды ұйғарады. Бұл кезде ол отбасылы, үйлі-баранды еді. 1990 жылы Красноводскінің Амангүл Тасжанова деген қызымен көңілдері жарасып, отбасы құрған болатын. Ақтауға келіп, бірден «Қаламқасмұнайгазға» сораптық қондырғы машинисі болып кіреді. Үй мәселесі алғашында шешіле қоймады. Бала-шағасын Қуаныш тек төрт жылдан соң Ақтаудан үй алғасын барып көшіріп алуға мүмкіндік тапты. Оған дейін Бекдашы мен екі ортада қатынап жүрді. Ақтауға келген бойда келіншегі облыс орталығындағы 12 орта мектебіне бастауыш сыныптар мұғалімі болып орналасады. Сол мектепте әлі де қызмет етіп келеді. Қуаныш пен Амангүл төрт бала – 3 ұл мен 1 қызды дүниеге әкеліп, бағып-қағып отыр, шешелері де осылардың қолында, Аллаға шүкір, аман-есен, немере қызықтап отырған жайы бар. Қуаныштың тұңғышы Динара 1991 жылғы, одан кейін Абай (1994), Ерлан (1999), Жасұлан (2007) деген ұлдары бар.

Қазір Қуаныш «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының алдын-ала су айыру қондырғылары кәсіпшілігінің тұздан және судан айыру қондырғысының операторы болып қызмет етеді. Кәсіпшіліктері шағын, екі ауысымда 30-дай адам бар. Бастықтары Альсихов Алтай деген жігіт.

– Өндірістегі басты нәрсе – бұл тәртіп. Тәртіп болмаған жерде, табыс та жоқ. Құдайға шүкір, ұжымымыздың жұмысы жақсы жолға қойылған. Әркім өз міндетін біледі, жұмысына тиянақты, – дейді Қуаныш.

**Тәртіп бар жерде табыс бар, табыс бар жерде ырыс-береке бар. Осы қағиданы ұстанған замандастарымызға сәттіліктер тілейміз!**

Жетібай кенорны

# ЖЕТІБАЙ КЕНОРНЫНДА – 42 ЖЫЛ...

**Мұнайшы Қарамурзиев Баязи ағамыз Жетібай кенорнында тапжылмастан 42 жыл қатарынан жұмыс істеп келеді.**




Мұнайшы болу, оның ішінде кенорында, қара майдың қақ ортасында бірнеше ондаған жылдар қатарынан жұмыс істеу – кез-келгеннің еншісіне тие бермейді. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында мұнай және газ операторы болып сонау 1969 жылдан бері істеп келе жатқан Баязи Бисенұлы – сондайлардың бірі.

Баязи ағамыз мұнайды қазақтардың ішінде алғаш көрген және соны өндіру ісіне белсенді түрде араласқан Атырау жұртынан. Ол 1951 жылы Атырау облысының Қосшағыл ауылында дүниеге келген. 1960-жылдардың басында Маңғыстауда мұнай көздері ашылып, Қарамурзиевтер отбасы Ақтауға көшіп келеді. Баязи Ақтаудағы № 3 орта мектебін 1969 жылы бітіріп, сол жылдың 14 тамызында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасына оператор болып жұмысқа кіреді.

– Осы мекемеде жұмыс жасағаныма биыл аттай 42 жыл болды. Мен жұмысқа орналасқан кезде Жетібай кенорнының игеріліп бастағанына көп бола қоймаған кез, жас кенорын. Біз де жаспыз, қиындықтарға мойымаймыз, айтқанды екі етпейміз, қайда жұмсаса, сонда бара береміз, – деп Баязи аға өз өмір жолынан сыр шертті.

Ол кездің тәрбиесі сондай болды – басыңа түскен қиындықтарды ешкімге тіс жарып айтып, сырыңды шашпайсың. Нар түйедей бәрін көтересің. Әйтпесе өндірістің ол кездегі жағдайы шындығында да айтарлықтай оңай болған жоқ. Қыста – тоңып-үсіп, жазда – шыжыған күннің ыстығына күйіп жүргенің. Қазіргідей жағдайдың біреуі де жоқ. Өндіріс орындарында жазда салқын кондиционер, душ, қыста жылы пеш дегендер атымен жоқ. Мұнай өндіру технологияларының жетісе қоймаған кездері. Сөйте тұра жұмыскерлердің жанкештілігінің арқасында жоспар да орындалып жатады, жұмыс та бітіп жатады.

Өмірдің өзінің бір заңдылықтары болады. Істеген қызметіңе ықылассыз болсаң, абыройың да бола қоймайды. Ал жұмысыңа көңіл қойып, бар күш-жігеріңді берсең, жемісін де көресің. Баязи аға еңбекте қай кезде де алдыңғы қатарда болып келе жатыр. Білімін жетілдіру мақсатында 2002 жылы Маңғыстау политехникалық колледжін мұнай және газ мамандығы бойынша бітіріп шықты. Өндірістегі еңбегі бағаланып, ағамыз көптеген марапатқа ие болды. Ол Қазақстанның мұнай газ кен орындарын игеруге және мұнай өнеркәсібін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының бірнеше мемлекеттік наградаларымен марапатталды. Қазақстан мұнайына 100 жыл толуына байланысты 1999 жылғы қыркүйек айында «Отан» орденімен марапатталды.

– Бұл орденді бізге Атырау қаласындағы Махамбет атындағы мәдениет сарайында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өз қолымен табыс етті. Кеңес дәуірінде де марапаттаулар болды ғой, бірақ бұл орденнің орны мен үшін бөлек. Өйткені Тәуелсіз Қазақстанның орденімен тұңғыш рет марапатталуым еді, – дейді мұнайшы.

Айта кету керек, кеңес дәуірінде де Баязи аға бірнеше орден және төсбелгілермен марапатталған еді. 1981 жылы «III дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен, 1980 жылы «Мұнай өнеркәсібінің үздігі» төсбелгісімен, 1986 жылы екінші рет «Мұнай өнеркәсібінің үздігі» төсбелгісімен, 1999 жылы «Қазақстан мұнайына 100 жыл» естелік төстік белгісімен Қазақстан мұнай-газ саласын қалыптастырудағы және дамытуда көрсеткен елеулі еңбегі үшін марапатталды.

Сонымен қатар мұнайшы Баязи Қарамурзиев туралы түрлі басылымдарға да жазылды. Мысалға, «Кімнің Кім екені» деген кітапқа («Қазақстанның мұнай және газ саласы», 2005 жыл, Алматы), «Лучшие люди Казахстана» және «Қазақ мұнайгаз энциклопедиясы» деген кітаптарға Баязи Қармурзиев туралы деректер кірді.

Баязи ағай бақытын отбасынан да тауып отыр. Жолдасы Джанизакова Ақкенже Маңғыстау гуманитарлық колледжінде педагогика және этнопедагогика пәнінен сабақ беретін мұғалім. Екеуі 3 қыз тәрбиелеп өсірген.

Тұңғыштары Гүлжансара жоғарғы білімді, мамандығы – ағылшын пәнінің оқытушысы және аудармашы, қазір Аджип ҚКО мекемесінде жұмыс істейді, тұрмыста. Екінші қыздары Мәдина да жоғары білімді, мамандығы геолог. Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің магистратурасын бітірген, АО НИПИ «Нефтегаз» мекемесінде жұмыс істейді, ол да тұрмыста. Кенже қыздары Зағила Маңғыстау туризм колледжінің IV-курс студенті.

Баязи ағамызға, оның отбасына бақ-берекет тілей отырып, еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз дегіміз келеді.

# ӨНДІРІС – ӨМІРІМ

**Баязи Қарамурзиев ағамыз Жетібай кенорнында 42 жыл қатарынан істеген болса, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 1-ші кәсіпшілігінде 5-дәрежелі операторы болып істейтін Сапар Мырзабековтың жасағанына биылғы жылдың желтоқсанында, құдай қаласа, 24 жыл болады екен.**



Сапар 1968 жылдың 15 қаңтарында Жетібай кентінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Мырзабеков Чапай 1961 жылы Форттан КЭМНГР-мен бірге келген, өмір бойы жүргізуші болды. Құдайға шүкір, қазір өзі де, құдай қосқан қосағы да дін аман, Жетібайда кенже баласы Амалбектің қолында.

Сапар Жетібай кентіндегі 8-ші орта мектепті 1985 жылы бітіріп, бірден еңбекке араласып кетті. Ол кезде жоғары оқу орындары саусақпен санап алғандай аз, оған конкурс үлкен болады, бір орынға бірнеше бала таласады. Қазіргідей жапатармағай, білсін-білмесін университетте оқитындар некен-саяқ. Ол кездің баласы шамасын біліп, оқитыны оқып, жұмыс істейтіні жұмысқа ілініп, тағдырына разы болып жүретін. Аспандағы айға жармаспайтын. Көзін ашқаннан көргені қара май, дәл кенорынның бүйірінен салынған мұнайшылар қалашығының баласы қайда барады, мұнайға бармағанда?

Бір жылдай ЖУТТ-да жасаған жігітшек бала Сапарды 1986 жылы әскер қатарына шақырады. Мектеп жасында күреспен айналысқан Сапардың дене бітімі де, ой-өрісі де оны Украинаның Одесса қаласының маңында орналасқан арнайы әскери (десант) бөліміне жіберілуіне ықпал етеді. Әскерден 1988 жылы аман-есен оралған Сапар сол жылдың желтоқсанында Жетібай кенорнына оператор болып жұмысқа орналасады.

– Содан бері әлі келе жатырмыз. Ол кезде «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Жетібаймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы болып аталады. Биыл желтоқсанда 24 жыл болады екен, Құдай қаласа, – дейді Сапар.

Сапардың еңбек ететін 1-ші кәсіпшілігінде 150-дей адам жұмыс жасайды. Кәсіпшілік бастығы Жаңабаев Бақытжан, орынбасары Ишанов Ержан деген жігіттер.

– Біздер бригадаға бөлініп жасаймыз, бригадамның шебері Қырымқұлов Қуанғали деген жігіт. Бригадамыздың ауызбіршілігі жақсы, – деп Сапар әңгімесін жалғастырды.

Сапар, Аллаға шүкір, үйлі-баранды, 4 баланың әкесі. 3 қыз бен 1 ұл өсіріп отыр. Үлкені Анаргүл (1996 жылғы), одан кейін Мәдина (1997 жылғы) мен Мереке (2003 жылғы), кенжелері Камиля былтыр дүниеге келді. Сапар қаланың өміріне қызыққан жоқ, сол баяғы өзі туып-өскен Жетібайында өмір сүріп жатыр. Қазір жаңадан үй тұрғызып жатқан жайы бар. «Ерді ер қылатын әйел» деген, келіншегі Сәуле жақсы жар, балаларына жақсы ана бола білді, үйінің түтінін түтетіп отырған салиқалы келін болды.

Сапардың бала кезінде суретке бейімі болған екен. Қолы босай қалса сурет салуды ұнатқан екен. Ол кезде қазіргідей интернет жоқ, компьютер жоқ, қай заттың да адамның қолымен жасалатын кезі ғой. Сапардың қолының шеберлігін мұғалімдер біліп алып, қит етсе плакатқа керекті жазуларын жаздырып алады екен. Тушь, гуашпен нешебір қабырға газеттерінің маңдайшаларын жазып берген.

– Сол кездерді есіме түсірсем, жақсы кездер екен ғой. Аш болғанымыз жоқ, киімсіз жүргеніміз жоқ, құдайға шүкір, барға қанағат қылдық. Абай атамыз айтқан «тамағы тоқтық, кимі көктік аздырар адам баласын», өмір жақсарған сайын адамның пейілі керісінше тарыла бере ме, қалай өзі. Күні кеше біз қасиетті Құрбан айт мерекесін тойладық, Аллаға құрбандық шалдық. Менің айтар тілегім – иманымыздан айрылмасақ екен. Иман кетсе, басқасының бәрі кетеді, – деп Сапар ой бөлісті.

Сапар бауырымызға және оның отбасына екі дүниенің жақсылығын тілей отырып, табыстан табысқа жете бер дегіміз келеді.



# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

## 60 жас

Досмухамбетов Серик Беркингалиевич – 23 қазан, «Атыраумұнайгаз» АҚ, Бұрғылау жөніндегі аға инженер

## 55 жас

Танкиев Қоянбай Қайнарбайұлы – 1 қараша
Аманшаева Тілеужан Қожбанқызы – 4 қараша, ТҮШЦ күтушісі
Жолдыбаев Серкеғали Обышбайұлы – 15 қараша
Бегеева Оңайша Жауғанқызы – 22 қараша

## 50 жас

Жүсіп Алтынғали Сайлаубайұлы – 1 қараша
Байоралова Гүлайым Жақсығалиқызы – 1 қараша, ТҮШЦ күтушісі
Қазамбаева Алма Елеусінқызы – 5 қараша, ТҮШЦ күтушісі
Абутай Құралқан Садықұлы – 5 қараша
Таспаев Жеңіс Жайманұлы – 7 қараша, ГДТжГШПЦ, жерасты газқұбырларын пайдалану және жөндеу слесарі
Матаев Сенбіғали Қанатбайұлы – 10 қараша, МГӨБ-2 бастығының орынбасары
Құлтанов Бердібай – 10 қараша, МЛТЖжТУ тазалаушысы
Жанғазиева Ақбибі Қоджанқызы – 13 қараша, механикалық цех, фрезерлеуші
Құлсариев Сәкен Орынұлы – 14 қараша, ТҮШЦ, цех бастығы
Мұсабаева Тойдық Балықбайқызы – 17 қараша, ТҮШЦ, қазандық операторы
Алдоңғарова Баян Әбдіқызы – 22 қараша, механикалық цех, есеп жүргізуші
Алдияр Нұрлан Ханапияұлы – 23 қараша, ПҚЖПЦ, слесарь-жөндеуші
Өтепбергенов Рысбай Өтемісұлы – 26 қараша, МКДАЦ, оператор

# БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

| | |
|---|---|
| Шешімдер (ұйымның, алқалы органдардың, комиссиялардың, кеңестердің және т.б. шешімдері) – | Решения (организаций, коллегиальных органов, комиссий, советов и т.п.) |
| Жоспарлар мен нормалардың орындалуы туралы өзге ұйымдарға жолданатын мәліметтер – | Сводки о выполнении планови норм, направляемые в другие организации |
| Азаматтардың конституциялық құқықтары мен биографиялық фактілерін растайтын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы анықтамалар – | Справки социально-правового характера, подтверждающие конституционные права и факты биографии граждан |
| Сметалар (басқарма аппаратын, ғимараттарды, орын-жайлар мен транспорт құралдарын ұстауға, объектілерді жоспарлау мен олардың құрылысын жүргізуге, шаралар өткізуге және т.б. жұмсалатын шығындардың сметалары) – | Сметы (расходов на содержание аппаратов управления, зданий, помещений и транспорта, на проектирование и сооружение объектов, проведение мероприятий и т.п.) |
| Тарифтік-квалификациялық төлемақы мөлшерлері (ставкалар) – | Ставки тарифно-квалификационные |
| Құрылымдар (салалық, ведомстволық, ұйымдық және т.б. құрылымдар) – | Структуры (отраслевые, ведомственные, организаций и т.п.) |
| Тарифтер (көтерме сауда, бөлшек сауда, сатып алу, өткізу және т.б. тарифтері) – | Тарифы (оптовые, розничные, закупочные, сдаточные и т.п.) |
| Техникалық тапсырмалар – | Технические задания |
| Талаптар (техникалық, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және т.б. талаптар) – | Требования (технические, методические, научно-методические и т.п.) |
| Нұсқамалар (техникалық, әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және т.б. нұсқамалар) – | Указания (методические, научно-методические и т.п.) |
| Шарттар (техникалық, технологиялық шарттар, конкурстардың және т.б. шарттары) – | Условия (технические, технологические, конкурсов и т.п.) |
| Заңды тұлғалардың жарғылары – | Уставы юридических лиц |
| Юридическая проверка документов – | Құжаттарды заңдық тексеру |
| Систематизация документов – | Құжаттарды жүйелеу |
| Конструкторская документация – | Жобалық құжаттамалар |
| Технологическая документация – | Технологиялық құжаттамалар |
| Научно-исследовательская документация – | Ғылыми-зерттеу құжаттамалары |
| Патентная документация – | Патенттік құжаттамалар |

# ЖОЛДАМА

Жаз айының күзге салым уақыты. Каспий жағасынан «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының кәсіподақ жолдамасымен оңтүстікке сапар шектім. Бұл жылда берілетін кезекті еңбек демалысым. Түс ауа отырған пойыз жүйткіп келеді. Станциялардағы қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігі бір деңгейде. Мал ұстап, егін салу, қоңырқай тіршілік. Қолындағы барын, осы жолаушылар пойызына алып шығып, жүгіріп жүрген қазақ әйелдері, күнкөріс қамы.

Қазақстанның төрт облысын басып өтіп, Шымкент қаласына да жеттік. Оңтүстіктің мамыражай күндері екен. «Біркөлік» шатқалындағы демалушыларға келіп қосылдық. Шипажай қызметкерлері жақсы қарсы алып, орналастырды.

Ертеңгілік ем-дом алған соң шатқал ауасын жұтып, айналаға көз тіктім. Айналаны қоршаған тау, биік теректер мен жеміс ағаштары, саф ауа. Қазақ жеріндегі осындай жұмақ мекен, қай Кавказдан, қай Қырымнан кем еді деген ой келді.

Жан-жақтан келген демалушылар арасынан Маңғыстаудан келген жерлестермен танысып, әңгімелестік.



Демалысты жақсы өткізіп, ауылға қайттық.

Осы орайда жыл сайын жолдамамен қамтамасыз етіп отырған «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының кәсіподақ комитетіне үлкен алғысымды білдіремін.

**Тажибаева Маруся Жұмағазықызы, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ тұрғын-үй пайдалану цехының қазандық операторы**



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілін, беттелді.

Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750 Тапсырыс: 736